

Kishkentai oqyrmangarğa arналған jýrnal



BALAPAN

álemi

№5
2020 jyl



ЖУРНАЛ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ
ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТІНІҢ
ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША
ШЫҒАРЫЛАДЫ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА МҮШЕЛЕРІ:

Қабаев Әділбек Күнесханұлы
Редакциялық алқа төрағасы
Рахымжанов Қайыржан Алдашұлы
Редакциялық алқа хатшысы
Медетбекова Меруерт Асқарбекқызы
Филология ғылымдарының докторы
Орынбетова Эльмира Асилтаевна
Филология ғылымдарының кандидаты
Ибрагим Ботагөз Жақыпқызы
Педагог
Мамасариева Айдана Бахтияровна
Педагог
Атанбек Наурыз
Ақын, жазушы
Ашықбаев Ертай Ахатұлы
Ақын, жазушы, журналист

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА ҚҰРАМЫ:

Бас редактор
Айнагүл Танатова
Редактор орынбасары
Айша Бибі Нұрлыбай
Корректор
Ләззат Дүсіпбекқызы
Психолог
Айсұлу Қаламбаева
Суретші
Ардақ Акимова
Фотограф-дизайнер
Бағдат Тулебаев

Журнал Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
24.04.2009 жылы №10074-Ж
тіркеу туралы куәлігі берілген.

Шығарушы:

«Айша-Бибі – Сланды ана» ЖШС
Редакция мекенжайы:
160000, Шымкент қаласы,
М.Дулати көшесі, 203 үй, 2-кабинет,
“Ризық” бизнес орталығы.
Тел.: 8 701 139 34 21
e-mail: Saha_0001@mail.ru

Журнал
«Типография Art DO» ЖШС
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Натаров көшесі, №95 үй.

Басуға қол қойылған күн 20.10.2020ж.
Қалпы 60x84/8. Қағазы офсеттік.
Шартты баспа табағы - 4.
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №

Мазмұны



3

Өлеңгі жатқа айтамыз

4

Ұлттық ойын

5

Мен зерек баламын

7

Олар да бала болған...

13

Суреттер сөйлеугі

16

Есенке жүүрік, балақай!

22

Ерте-ерте, ертеге...

26
27

Ән саламыз бәріміз

29

Өлкеману

33

Ойлан, тап!

**Өлеңді жатқа
айтамыз**

Ана тілі



*Атаның құты – ана тіл,
Ананың сүті – ана тіл.
Баланың үні – ана тіл,
Дананың сыры – ана тіл.
Даланың гүлі – ана тіл,
Ақынның жыры – ана тіл.
Тіліміз – жарық күніміз,
Тіліміз – жарқын үніміз.*

А.Шаяхмет

Сүйем өз тілімді

*Сүйем өз тілімді,
Боламын білімді.
Өз тілім үйретер
Өнерді, ғылымды.
Сүйем өз тілімді.*

Ә.Табылды



ҰАТТЫҚ ОЙЫН

ҰШТЫ-ҰШТЫ

Ойынға қатысушылар орталарынан ойын басқарушыны сайлап алады. Ойын басқарушы балаларды үстелді айналдыра отырғызады немесе шеңбер бойымен дөңгелене тұрғызады. Ойын шарты бойынша қатысушы балалар ұшатын затты атағанда екі қолдарын көтеріп, ұшпайтын затты атағанда қолдарын көтермеуі керек. Ұша алатын затты атағанда «ұшпай қалған», сол сияқты ұша алмайтын затты атағанда «ұшып кеткен» бала айыпты саналып, бір-екі ауыз ән салып береді, қойылған жұмбақтарды шешеді, жаңылтпаш айтады.

Ойын басталады:

Ұшты, ұшты, ұшты – тарғақ ұшты! (ұшады)

Ұшты, ұшты, ұшты – жарғақ ұшты! (ұшпайды)

Осы тәртіппен ойын жүргізіле береді. Ойын қатысушылардың сезімталдығын шыңдап, тез ойлап, нақты әрекет жасауға, іштей жинақы болуға қалыптастырады.




Мен зерек баламын




1

«Ж» әрпінен басталатын суреттердің атауын жаз.




--	--	--	--	--	--	--	--




--	--	--	--	--	--	--	--




--	--	--	--



--	--	--	--	--	--	--	--



--	--	--	--	--	--	--	--



--	--	--	--

2

Көп нүктенің орнына тиісті әріпті жаз.

...апырақтың түсі жасыл.

Тиін ...аңғақ жейді.

Жолбарыс – ...ыртқыш аң.

...ергер жүзік жасады.

...ымыран Байқоңырдан ұшады.

Бұ...ау – сиырдың төлі.

3

Мына сөздерді көпше түрде жаз.

Үй – _____

Есік – _____

Терезе – _____

Үстел – _____

Орындық – _____

Жиһаз – _____

Ертегілер елінде...

ТАСБАҚА МЕН ҚОЯН



Тасбақа мен қоян орманда келе жатты. Бір кезде аспанда найзағай ойнап, нөсерлетіп жаңбыр жауып кетті.

Үсті-басы малмандай су болған қоян үлкен шыршаның астына кіріп, паналап алды. Сөйтті де тасбақаға:

– Кел, шыршаның астына. Үстің су болмайды, – деді.

– Рақмет! Менің сауытым арқамда. Ол мені кез-келген қауіптен қорғайды, – деп бұға қалды тасбақа.

Олар да бала болған...

Жамбыл Жабаев (1846—1945)

Атақты жыршы-жырау, халық ақыны, ірі айтыскер ақын Жамбыл Жабаев 1846 жылы 28 ақпанда қазіргі Жамбыл облысы, Жамбыл тауының етегінде дүниеге келген.

Жамбыл атамыздың кіндігі кесілген жер – ән мен күйдің, ақындық пен жыраулықтың қайнаған ортасы еді.

Жамбылдың ақындық дарыны бала кезінен-ақ таныла бастаған. Ол домбыра шертуді әкесінің інісінен үйренген. Ол кісі атақты домбырашы болған екен. Домбыра тыңдауға әуес болған бала Жамбыл осылайша он екі жасында домбыраны үйреніпті.

Жамбыл бозбала шағының өзінде-ақ өскен ортасын ән мен жырға кенелтіп, тіптен көршілес қырғыз еліне де даңқы жайылып үлгерген. Жасынан өлең-жырға қанып өсіп, Сүйінбай Аронұлы сияқты жыр даңғылынан тәлім-тәрбие алған Жамбыл Бақтыбай, Сары, Сарбас, Досмағамбет, Құланаян Құлмамбет, Шашубаймен айтысып, оларды жеңгеннен кейін «Жетісудың ерен жүйрік ақыны» атанады.



Жас қаламгерлердің туындысы



Арманым

Тыңдап әсем әндерді,
Әнші болу – арманым.
Жұлдызы болып елімнің,
Арманымға жетермін.

Жайна Жолдасбек,
Алматы облысы.

Ұстазым

Жазуды, сызуды
Үйреткен – ұстазым.
Мектепте қарсы алар
Күлімдеп біздерді.

Әлинұр Аңсар,
Шымкент қаласы.

Әже

Асыл әжем, жан әжем,
Сізді жақсы көреміз.
Бар тәттіні біздерге
Бөліп берген ақ әжем.

Қайсар Уәлихан,
Түркістан облысы.

Ана

Ана мені бөлейсің
Қуаныш пен бақытқа.
Өзің болсаң қасымда,
Бақыттымын расымда.

Сырым Бексұлтан,
Қарағанды облысы.





Жас суретшілердің галереясы



Еркежан Манат,
Манғыстау облысы.



Ибраһим Ескендір,
Жамбыл облысы.



Азиза Мақсатқызы,
Ақтау қаласы.



Іңкәр Қайратқызы,
Алматы қаласы.




Әли Өмірзақов,
Шымкент қаласы.

2+2



Бояджик



Ойнайық та, ойлайық!

Суретші жемістердің суретін толық аяқтамай, жарты бөлігін ғана салыпты. Сонда бұл қандай жемістер болды?

Нүктелер бойымен суретті сызып, боя!



Шым-шытырық жолдан жүріп өт!



Дауылпаз



*Дауылпаз – қазақтың ұрып
ойналатын көне саз аспабы.*

*Оның жасалу әдісі күрделі.
Дауылпаздың шапаты өзегі
алынған, сырты жұмыр, бітеу
ағаштан ойып жасалады.*


*Беті әбден иленіп,
кеңкей шыңылтыр
терімен қапталады.
Мойынға, иыққа іліп
алып жүруге арналған
аспалы бауы мен ұрып
ойнайтын шағын
таяқшасы болады.
Дауылпаздың
шанагының сыртын
мүйізбен, түрлі
тастармен, ою-
өрнекпен безендіріп,
сәндеп жасайды.*





Суреттер сөйлейді

Баланың сөйлеуін дамытуға арналған тапсырмалар.

Суреттерге қарап осы жыл мезгілін атап бер.
Сондай-ақ сөйлем немесе мәтін құра.



Суреттерге қарап осы жыл мезгілін атап бер.
Сондай-ақ сөйлем немесе мәтін құра.



Көйлекті маған кім берді?

Айнұрға айналасындағының бәрі қызық. Білмеген нәрсесін сұрап, бәрін білуге талпынады. Бір күні атасы мен әжесі дүкеннен әдемі көйлек сатып әкеліп берді. Ол атасынан:

– Бұл көйлекті маған кім берді? – деді.

– Кім берсін? Дүкеннен алдым.

– Дүкенге қайдан келген?

– Тігін фабрикасынан.

– Тігін фабрикасына қайдан келген?

– Мата тоқитын фабрикадан.

– Мата неден тоқылады?

– Мақтадан.

– Мақтаны неден алады?

– Қозадан.

– Қоза қайдан шығады?

– Қоза шиттен пайда болады. Көктемде жер жыртылып, шит егіледі. Шит өсіп, гүлдейді, көсек пайда болады. Сол көсектен мақта алынады.

– Қыс мезгілінде шит езуге бола ма?

– Жоқ, болмайды. Мақта жазда, күн ыстықта ғана өседі. Оны мақташылар теріп алады.

– Е, онда маған көйлекті мақташылар берген екен ғой, – деді Айнұр.

Қ.Әжікеев

A colorful illustration of a rural autumn scene. In the foreground, three children are playing in a field of fallen leaves. One child in a green jacket is kneeling and holding a large orange leaf. Two other children, one in an orange jacket and one in a yellow jacket, are standing nearby. In the background, there are rolling hills, a red combine harvester, and a blue tractor. The sky is light blue with several white birds flying. On the left, a yellow birdhouse is attached to a tree trunk, with a bird perched on a branch. The word 'Қыз' is written in large, stylized red letters with a white outline in the upper center of the image.

Қыз

Бүбіш Тікебаева

*Сары теңге жапырақ
Көмкереді көл бетін.
Тоңазиды топырақ,
Қырау басып жер бетін.*

*Гүл жайнаған даланың
Жапырағы солыпты.
Түсті кілем түріндей
Қызыл-сары болыпты.*

*Қыс келерін хабарлап,
Салқын самал еседі.
Масайратып өтті жаз,
Бір белгі жоқ кешегі.*


Есепке жүйрік, балақай!

$1 + 2 = 3$



№1 тапсырма

Сегіз шардың екеуі ұшып кетті. Неше шар қалды?



№2 тапсырма

Бір түп сабақта тоғыз құлпынай пісіп, оның үшеуі жерге түсіп қалды. Сабағында қанша құлпынай қалды?



№3 тапсырма


Ыдыста бес алма бар. Оған тағы екі алма қосылды. Ыдыста барлығы неше алма болды?



Кім ұша алады?

Дұрыс жауапқа
белгі қой

қоқиқаз




пингвин

тотықұс



тасбақа

тоқылдақ



қолтырауын

“Су жануарлары” ойыны

18-19 беттердегі ойынның
ережесі:

Бұл үстел ойынын екі не одан да көп бала ойнай береді.

Ойынның мақсаты:
баланың логикалық ойлау қабілетін, танымдық белсенділігін арттыру.

Ойынның шарты:
суреттегі су жануарларының атын тізбектелген әріптерден дұрыс құрастырып оқу.

Қажетті заттар: текше және ойыншыларға арналған фишкалар.

Ойыншылар текшені кезек-кезек лақтырып, әркім өз фишкасын стартқа тізіп, жүрісті бастайды.

Тапсырмаларды дұрыс орындап, мәреге алғаш болып жеткен ойыншы жеңімпаз атанады.



Дұрыс жауап берсең,
тағы бір рет жүр.



Жауабың дұрыс болса,
нұсқағышпен көрсетілген санға тезірек жетуге мүмкіндігің болып, алға қарай жылжисың. Жауабың дұрыс болмаса, нұсқағышпен көрсетілген санға, артқа қарай шегіну керек.



«Су жануарлары» ойыны

Старт

1

2

3

Г

і

а

қ

я

з

4

е



3

5

20

21

22

23

24

25

26

27

28

29

30



1

2

3

Г

і

а

қ

я

з

4

е

5

6



18

19

а

у

к

а

л

22

23

24

25

26

27

28

29

30

8

7

к

т

и

9

10

11

12

13

14

15

16

17

29

30

и

н

ф

ь

е



Старт

Мәре

Ойын ережесі 17-бетте көрсетілген.

СЕН БІЛЕСІН, БЕ?

Бұл – әлемдегі
ең үлкен Голиаф
өрмекшісі.
Ең үлкені 175 грамм
шығады.



Пингвиндер
жүзе алатын, бірақ
ұша алмайтын
жалғыз құс.

Дүние жүзіндегі
ең үлкен гүл –
«Раффлезия» деп аталады.
Гүлдің диаметрі 60 см.
Ол Индонезияда өседі.



Дариус –
әлемдегі ең үлкен
үй қояны.
Қоянның салмағы
22,5 келі,
ал бойы 130 см.



Басенджи –
үре алмайтын
жалғыз ит
тұқымдасы.



Әлемдегі ең
кішкентай құс – Колибри.
Көлемі 7 сантиметрді
құраса, салмағы 2 грамм
болады.





ТАПСЫРМА



*4 суреттен
айырмашылықты тап*



Арыстан мен тышқан

Бірде қалың ұйқыда жатқан арыстанның үстіне кішкентай тышқан шығып алып, ары-бері жорғалап ойнақтайды. Көп ұзамай-ақ арыстан оянып кетеді. Ояна сала үлкен табанымен тышқанды ұстап алып, жемекші болады.

– Кешіре көріңіз, ұлы патшам! – деп зарлай жөнеледі тышқан. Осы жолы кешіре көріңіз, енді еш қайталамаймын және де бұл қайырымдылығыңызды ешқашан ұмытпаймын. Сосын кім біледі, мүмкін, бір күні мен де сізге осылай жақсылық жасармын. Тышқанның маған да күніңіз бір түсер деген сөзіне қарқылдап күліп алған арыстан табанын көтеріп, тышқанды босатып қоя береді.






Бірнеше күн өткен соң аң патшасын аңшылар ұстап алып, ағашқа байлап қояды. Сөйтіп өздері арыстанды қамайтын орын мен тасымалдау жолын іздеп кетеді. Сол жерден алаңсыз өтіп бара жатқан тышқан ойламаған жерден арыстанның басына түскен қиын жағдайды көреді. Жанына жүгіріп барып, арыстанды байлап кеткен арқанды тез-тез тісімен үзіп тастайды. Арыстанға көмектескеніне қуанған тышқан:

– Жақсылық жасау менің де қолымнан келеді ме екен? – деп сұрайды риза кейіппен.

Балалар, кейде кішкентай достар да үлкен көмек бере алатынын ұмытпаңдар!




СУРЕТ САЛЫП ҮЙРЕНЕМИЗ!



ЖҰМБАҚТАР

Қос қанатын иіп ап,
Жарға келіп қонады.
Қара киім киіп ап,
Балшықтан үй соғады.



Бұрап қойған сағаттай,
Айқайлайды таң атпай.



Аяғы түйеге ұқсайды,
Құс болса да ұшпайды.



Судан шықса баладай,
Тәй-тәй басып қалады-ай.



Сөз үйретсең қайталайды,
Өздігінен айта алмайды.



Тұмсығымен ояды,
Үй салып қояды.
Табыңдаршы, балалар,
Ол қандай құс болады?



Күндіз соқыр не деген,
Түнде қандай көреген.



ЖАҢЫЛТПАШ ЖАТТАП АЛЫҢДАР



*Омартаға балалар барар,
Балаларды аралар талар.*

*Шын еңбекшіл – өрмекші,
Өрмекші – шын өрнекші.*

*Біл, бұл – піл,
Бұл бір ірі піл.*



*Бұл кісі – жылқышы,
Жылқысы – жүз жылқышы.*



*Түрің түрленіп, кідірмей оқы,
Тілің күрмеліп, мүдірмей оқы.*

*Түсте шай ішсе жақсы,
Шайды ыссы ішсе жақсы.*



*Малшының қамшысы қайсы,
Аңшының қамшысы қайсы?*



*Жайлауға көш көшті,
Көш кеш көшті.*



Ән саламыз бәріміз



Бақшамызға барамыз

*Оянамыз таң нұрымен,
Аттанамыз бақшаға.
Қарсы алады ән-жырымен
Бақшамызда жақсы ана.*

Қайырмасы:

*Қызғалдақтай гүл жайнаған,
Бақшамызға қараңыз.
Бірге жүріп, бірге ойнаған
Тату-тәтті баламыз.*


*Кешке дейін еңбек етіп,
Келгенінше анамыз.
Аялаған еркелетіп,
Бақшамызда боламыз.*

Қайырмасы:

Бақшамызға барамыз

Өлеңін жазған:
А.Асылбек.

Әнін жазған:
Е.Хасанғалиев.



О - я - на - мыз таң нұ - ры - мен ат - та - на - мыз бақ - ша
ға. Қар - с(ы)а - ла - ды ән жы - ры - мен.
Бақ - ша - мыз - да жақ - сы а - на. Қыз - ғал - дақ - тай
гүл жай - на - ған. Бақ - ша - мыз - ға қа - ра - ныз. Бір - ге
жү - ріп, бір - г(е)ой - на - ған Біз ба - қыт - ты ба - ла - мыз.



СӨЗДІК



нөл
ноль
zero



бір
один
one



екі
два
two



үш
три
three



төрт
четыре
four



бес
пять
five



алты
шесть
six



жеті
семь
seven



сегіз
восемь
eight



тоғыз
девять
nine



он
десять
ten

Сен неше жастасың?
Сколько тебе лет?
How old are you?

Мен _____ жастамын.
Мне _____ лет.
I am _____ years old.

Шарын шатқалы

Шарын шатқалы – еліміздегі ең көрікті жерлердің бірі. Табиғатының әсемдігімен, көз тартар ерекше сұлулығымен белгілі шатқал Алматы облысында орналасқан.

Дүниежүзінде дәл осындай гажайып шатқалдарды тек Солтүстік Америкадан және біздің елден ғана кездестіруге болады.

Ата-анаға кеңестер

Ата-ана көбіне баласы тыңдамаған жағдайда не амал қолдану керектігін білмей жатады. Кейбір ата-аналар ұрыса жөнелсе, кейбірі жазалап жатады, ал енді бірі көндіріп әлек. Сонда қай амалды қолданған дұрыс?

АТА-АНА Бала тыңдамаған жағдайда не істеу керек?

Балаға тыңдамау әдеті қалай пайда болады?

► Егер ата-аналар балаға бұйыру сарында қарым-қатынас жасаған жағдайда бала өзін қорланғандай сезінеді екен. Мысалы, ойланып көріңізші, егер сізге анаңыз «жылдам жина да, бөлмеден шық» десе, ең алдымен сізде қандай сезім пайда болады?

► Баланың қалауын тыңдамаған жағдайда: мысалы, «не істесең де маған бәрі-бір» немесе «ойыншықтарыңды жинамағаныңша ешқандай су жоқ» деген секілді сөздерден бала өзін керексіз сезіне бастайды.

► Бала разы болсын деген оймен бәріне қол жеткізе беруіне мүмкіндік берген жағдайда: мысалы, кейде қаржыңыз жетпей, уақытыңыз болмай жатса, балаңыз қиғылық сала бастайды.

Ата-анаға тығырықтан шығудың жолдары:

Бірінші кезекте балалар үлкендерден үлгі алатынын есте сақтау керек. Сондықтан егер ата-аналар балаға берген уәделерін орындамаса немесе бала өтінішін елемесе, онда ол да өзін тура солай ұстайды. Бұдан шығатын қорытынды: егер бала тыңдамаса, бұл жағдайдың себебі үлкендердің өзін ұстау тәртібінде деп түсінген жөн.

Ескерту:

► Балаға уәжді жауап қайтарыңыз, қойған сұрағына түсіндіріп жауап беріңіз. Бұйыру сарынындағы сөздеріңіз баланың ішкі қарсылығын тудырады, содан кейін тыңдағысы келмейді. Мысалы, «ойыншықтарыңды жина», т.б.

► Балаңызды тыңдаңыз, оған сіздің өзін түсінгеніңізді сезіну маңызды. Егер сіз оны тыңдасаңыз, ол да сізді тыңдайды.

► Баланы тәрбиелеуде тыйым салу, қандай да бір қағидалар қажет-ақ. Бұл ережелер баланы жауапкершілікті сезіне білуге, сыпайылыққа үйретеді.

► Құлық қазіргі таңда жиі орын алады және құлықты балалар да жақсы қолданады. Олар ата-анадан нені қалай алу керектігін жақсы түсінеді. Ал мұндай әдеттер (мысалы, «қалағаныңа қол жеткізгің келсе, өзіңді әдепті ұста») отбасында кең таралған. Алайда бұл әдістің балаға қалағанын алу үшін ғана ата-анасын тыңдайтын жаман әдетті бойына сіңіретінін ата-ана жақсы білуі тиіс.

Жолда жүру ережесі


Жолдан өтерде алдымен сол жағына, жолдың қақ ортасына жеткен соң тоқтап, оң жағына қарап өту қажет.

Жолдан өтерде алдымен бағдаршамға қарап, жаяу жүргіншілерге арналған жасыл түс жанғанда ғана өту керек.

Жолдың арғы бетіне «жолақ» деп атайтын арнайы жаяу жүргіншілерге арналған жолмен немесе жер асты жолымен өту қажет.

Жолдың ортасына жеткенде бағдаршамның қызыл түсі жанса, бөлу жолағында тоқтап, жасыл түс жанғанша күту қажет.

Көшеден өтіп бара жатқанда телефон пайдалануға, құлағымызға құлаққапты тағып алып жүруге болмайды.



Спорт — денсаулық кепілі

Балаларға арналған жаттығулар

Басымызды жәймен
оңға және солға
3 реттен
айналдырамыз.

1



Қолымызды
иығымызға қойып,
алға-артқа
кезекпен 5 реттен
айналдырамыз.

2



Қолымызды
белімізге қойып,
оң және сол жаққа
10 реттен
еңкейеміз.

3



Тік тұрып, терең
тыныс аламыз да,
қолымызды көтеріп,
алдымызға еңкейеміз.
Алақанымызды жерге
тигіземіз.

4



Сосын қайта тік
тұрамыз. Осылай
10 рет қайталау
керек.

Тіземізді сәл бүгіп,
жерге жүрелей
отырып, қолымызды
алға созып
5-10 рет отырып,
тұрамыз.

5



Тік тұрып,
қолымызды
белімізге қоямыз.
Дем алып, жерге
жүрелей отырамыз,
дем шығарғанымызда
қолымызды жоғары
көтерген күйде
жоғары қарай секіреміз.
Осылай 10-15 рет
қайталау керек.

6



Тік тұрамыз.
Дем шығарып,
алға қарай
еңкейеміз.
Қолымызды
қарлығаштың
қанаттары секілді
екі жаққа созамыз
да, бір аяғымызды
барынша көтеріміз.
Басымызды жоғары
ұстап тұрамыз.
Осылай екі аяқты кезекпен
5-10 рет көтеріміз.

7









Тік тұрып,
қолымызды белімізге
қойып, тізені кеуде
тұсына жинаған
күйі көтеріміз.
Екі тіземізді
барынша жоғары,
кезекпен 5-10 рет
көтеріміз.

8



ОҰЛАН, ТАП!

Шеңбердің ішіндегі бос орынға тиісті әріптерді жазып, жанында тұрған аң, құстың атауын толықтырып оқы.



ЦЕБЕР ҚОЛДАР



Қағаздан жасалған гүл

Ол үшін

қағаз, қарындаш, қайшы, желім қажет болады.



Ең алдымен өзімізге ұнаған бір түсті қағазды өлшемі 10x10 сантиметр болатындай етіп қиып алып, оған шиыршық тәрізді айналдыра қарындашпен сызамыз (1-сурет).



Қағаз кесіндісін бір шетінен бастап, ішіне қарай шиыршықтап бүктейміз (3-сурет).




Суретте көрсетілгендей, шыршық қағазды соңына дейін бүктеп шығамыз (4-сурет).



Қағаз ажырап кетпес үшін, шыршықты бүктеп біткен жерінен желіммен жабыстырамыз (5-сурет).

Дайын болған раушан гүлдерін ағаш бұтақтарына жабыстырып, вазаға салып қойса, үйге әдемі көрініс береді. Сондай-ақ сыйлық салуға арналған қораптарды да әсемдеуге болады. (6, 7-суреттер).





Қымбатты оқырмандар!

«Балапан әлемі» журналы
ұйымдастырған
«ЖАС ҚАЛАМҒЕР»,
«ҮЗДІК ЖАС СУРЕТШІ»
конкурстарының
нәтижесін
журналымыздың
№6 санынан оқи
аласыздар.



Журнал
көзіңізге



Нұрлыхан Бағланұлы
5 жаста
Шымкент қаласы